

ЖЕМ - САҒЫЗ

№34 (7894) 27 тамыз, Бейсенбі 2026 жыл

<https://zhemsagyz.kz/>zhemsagyzgazeti@mail.ru

Сайлау-2026

АУДАН САЙЛАУШЫЛАРЫ ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ



Құрылтай сайлауы аудан аумағындағы 23 сайлау учаскесінде ұйымдасқан түрде өтті. Дауыс беруге 13 819 сайлаушы тіркеліп, азаматтардың өз таңдауын жасауына қажетті жағдай қамтамасыз етілді.

Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Жан-болат Жаңбырбаевтың мәліметінше, сайлауды өткізуге барлығы 136 комиссия мүшесі жұмылдырылған. Оның ішінде 1 аумақтық сайлау комиссиясы және 23 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істеген. Сайлау учаскелерінің 8-і мәдениет үйлері мен ауылдық клубтарда, 16-сы мектеп ғимараттарында орналасқан.

Сайлау учаскелерінде дауыс беруге қажетті жағдай жасалып, азаматтарға белгіленген тәртіппен таңдау жасауға мүмкіндік берілді. Комиссия мүшелері сайлау процесін ұйымдастыру және учаскелердегі тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету бағытында жұмыс атқарды, - деді төраға.

Оның айтуынша, сайлау барысында мүгедектері бар азаматтар да назардан тыс қалмай, олардың дауыс беру құқығын кедергісіз жүзеге асыруына назар аударылған. Аудан бойынша 23 сайлау учаскесінің барлығында пандус, шақыру батырмасы, тактильді тақталар, арнайы дауыс беру кабиналары мен ақпараттық бұрыштар орнатылған. Арнайы бұрыштар компьютерлермен жабдықталып, көзі нашар көретін азаматтарға лупа, құлағы нашар еститін сайлаушыларға құлаққап ұсынылды. Сонымен қатар компьютер арқылы саяси партиялардың дауыс беру бюллетеніндегі орналасу реті туралы аудио ақпаратты тыңдау мүмкіндігі де қарастырылыпты.

Осылайша, Құрылтай сайлауы кезінде аудан тұрғындарының дауыс беру құқығын жүзеге асыруына қажетті барлық ұйымдастырушылық және техникалық жағдай жасалған.

«Жем-Сағыз» ақпарат



Мәселе

ЖАЙЫЛЫМ АЗАЙСА, МАЛДАН МАЗА КЕТІП, ШАРУАДА ШАРА ҚАЛМАЙДЫ

Ауданда төрт түліктің саны артқан сайын жайылым мәселесі де өткірлене түсуде. Бір жерде шөп сиреп, ауыл маңындағы аумаққа түсетін салмақ көбейсе, енді бір жерде табиғи жайылымға тәуелділік сақталып отыр.

Қолда бар ресми мәлімет бойынша, ауданда 50 мыңнан астам ірі қара, 132 мың ұсақ мал, 33 мың жылқы және 4,1 мың түйе бар. Осынша малды жыл бойы жайып, қысқа азық дайындау үшін жерді тиімді пайдалану мәселесі бұрынғыдан да маңызды. Ал жайылымның жағдайын тек жер көлемімен өлшеу жет-

кілікті ме? Мамандардың уәжі мен шаруалардың пікірі бұл мәселенің астарында табиғи жағдайдан бөлек, жердің бөлінуі, ауыл маңындағы жайылымға түсетін салмақ, шалғай аумақтарды игеру, мал азығын дайындау және жұмыс күші секілді бірнеше түйткіл жатқанын көрсетеді.

Жердің басым бөлігі шаруа қожалықтарының иелігінде

Аудандағы жалпы жер қоры 6 млн 103 мың 969 гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің көлемі –

1 млн 604 мың 502 гектар. Бұл жерлерді 484 агроқұрылым пайдаланады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің басым бөлігі шаруа қожалықтарының иелігінде. Атап айтқанда, 465 шаруа қожалығына 1 млн 462 мың 476 гектар, 8 жауапкершілігі шектеулі серіктестікке 109 мың 83 гектар, 7 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне 29 мың 552 гектар және 4 жалгерге 3 мың 391 гектар жер тиесілі.

Жер көлемі жеткілікті болғанымен, оның тиімді әрі мақсатты пайдаланылуы – маңызды мәселе. Өсіресе мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындары үшін жайылым-

дық жердің қолжетімділігі мен оның орналасуы өзекті болып отыр. Мал басының көбеюі, елді мекендер маңындағы жайылымдардың тозуы және жердің өртүрлі мақсатқа пайдаланылуы жайылымға түсетін салмақты арттырады.

Аудан аумағында өнеркәсіптік мақсатқа арналған 53 мың 605 гектар және орман қорының 30 мың гектар жері бар. Ал босалқы жер қоры 4 млн 49 мың 705 гектарды құрайды. Бұл ретте босалқы жерлерді айналымға енгізу, оның ішінде мал жайылымына қажетті аумақтарды айқындау мәселесі де назар аударуды қажет етеді. Жайылымды тиімді пайдалану үшін қолда бар жер көлемін ғана емес, оның нақты мақсатқа қаншалықты игеріліп отырғанын да саралау маңызды. Елді мекендер маңындағы жайылымдық жерлерді сақтау, пайдаланылмай жатқан аумақтарды анықтау және мал шаруашылығына қажетті жерді ұтымды бөлу – ауылдағы жайылым мәселесін шешудің негізгі бағыттарының бірі.

Жауын-шашын шаруаға қарасып тұр

Қарауылкелді ауылындағы «Мұнал» шаруа қожалығының жетекшісі Ғазиз Мұналовтың айтуынша, жайылым жағдайын бір ғана



(Басы. Соңы 2-бетте).

ЖАЙЫЛЫМ АЗАЙСА, МАЛДАН МАЗА КЕТІП, ШАРУАДА ШАРА ҚАЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

кезеңге қарап бағалау дұрыс емес. Өйткені табиғи жайылымның берері жауын-шашынға тікелей байланысты. Оның сөзінше, 2025-2026 жылдары өңірдегі жағдай біршама оңалған. Жауын-шашынның болуы шөптің шығуына жақсы әсер еткен. Ал оған дейінгі қуаңшылық жайылымның жайын күрделендірген.

– Әр шаруашылық мал санына қарай жер көлемін бағдарлайды. Соңғы екі жылда жайылым жақсы болды деуге болады. Ал оған дейін қуаңшылық болғаны рас. Жайылымдағы тапшылық көбіне бірден байқалмайды. Күзге қарай, жер қурап, шөптің нәрі кеткен кезде жағдай анық сезіледі. Сондықтан жайылымның жағдайын жыл мезгіліне қарай бағалауға тура келеді, – дейді қожалық иесі.

Шаруаның қожалығында мал суратын орындардың жеткілікті болуы да жайылымды тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Алайда су мәселесі шешілгенімен, табиғи жайылымның сапасына қатысты алаң бар. Өсіресе шөп түрлерінің азаюы шаруашылық үшін маңызды мәселе.

– Екпе шөп болмаған соң, табиғатқа тәуелдіміз. Жаңбыр жауса, шөп шығады, жаумаса – шықпайды. Бар мәселе осыған келіп тіреледі. Сондықтан жауын-шашынның мөлшері мен жайылымның жағдайы мал шаруашылығына тікелей әсер етеді, – дейді ол. Осы ауылға қарасты «Ажым» және «Байдәулет» шаруа қожалықтарының басшысы Сейдағали Ермекбай да биылғы жағдайды жаманға бағаламайды. Мал шаруашылығындағы тәжірибесі 2013 жылдан басталған шаруа өз қожалығындағы малға тиесілі жайылым көлемін әзірге жет-

рмашылық анық сезіледі. Мысалы, 2023 жылы шөптің шығымы өте төмен болып, тіпті кей жерлерде мүлдем шықпай қалған жағдай болды. Ал өткен жыл мен биылғы жылды салыстырғанда табиғи шөптің шығымы әлдеқайда жақсы, – дейді Сейдағали Ермекбай.

Оның пікірінше, жайылымға ортақ баға беру де оңай емес. Себебі әр шаруашылықтың мал саны мен мүмкіндігі әртүрлі. Бір қожалыққа жеткілікті жер екінші шаруашылықтың малын бағуға аздық етуі ықтимал. Сондықтан жайылым мәселесін шешуде мал басы мен жер көлемінің арақатынасына назар аудару қажет.

Бұл ретте табиғи жайылымға ғана иек арту да шаруалар үшін сенімді жол емес. Сейдағали Ермекбай алдағы уақытта өз шаруашылығының мал азығын өзі дайындауға көшуді жоспарлап отыр. Жоңышқа, суданка, глюцерн секілді дақылдарды егіп, жемшөп қорын қалыптастыруды ойластырып жүр.

Демек, мәселе тек «жайылым жетеді ме, жетпей ме?» деген сауалмен шектелмейді. Сейдағали Ермекбайдың айтуынша, мал шаруашылығын дамытуға кедергі болып отырған тағы бір түйткіл – тұрақты жұмысшы табу. Мал басын көбейту үшін кең жайылыммен бірге оны қарайтын адам күші де қажет.

– Төрт түлікті көбейту үшін жайылымнан бөлек, адам күші де керек. Қожалықтарда малшы мәселесі бар. Мал бағу – жауапкершілікті, төзімділікті талап ететін жұмыс. Сондықтан шаруашылықты дамытуда малшы тапшылығы да ескерілетін мәселелердің бірі, – дейді ол. Ал Жарқамыс ауылының тұрғыны Талғат айтуынша, ауылдағы жайылымның қазіргі жағдайын біржақты бағалау қиын. Кейбір

дан алыстауы. Ауыл маңындағы аумақтарға малдың көп шоғырлануы шөптің сиреуіне және жердің тез тозуына әсер етеді. Бұл жағдай мал ұстап отырған тұрғындарға қосымша қолайсыздық туғызуда.

Оның сөзінше, мәселені шешу үшін алдымен жайылым жерлерін түгендеп, қолда бар аумақтың мал санына сәйкестігін анықтау қажет. Бос немесе мақсатсыз пайдаланылып жатқан жерлерді заң талаптарына сәйкес ауыл тұрғындарының қажетіне жарату мүмкіндігін қарастырған жөн. Сонымен бірге жайылымдарды суландыру, құдықтар мен қажетті инфрақұрылымды дамыту да маңызды.

Талғат жайылым мәселесін шешу тек жергілікті атқарушы органдардың міндеті емес екенін де атап өтті. Ортақ жерді тиімді пайдалану үшін тұрғындардың жауапкершілігі де қажет. Мал жаю тәртібін сақтау, жайылымға шамадан тыс салмақ түсірмеу арқылы жердің тозуын тежеуге болады. Оның пайымынша, жайылымды ұқыпты әрі жүйелі пайдалану мал шаруашылығының дамуына да, ауыл тұрғындарының тұрмысына да оң ықпал етеді.

Алыс жайылымды пайдалану - жүкті азайтады

Ал жайылым мәселесіне ауыл тұрғынының көзімен қарасақ, жағдайдың тамыры одан әрі тереңге кетеді. Зейнеткер Иван Ізімов қазіргі ахуалды бұрынғы кезеңмен салыстырмай түсіну мүмкін емес деп санайды. Ол Қосаралда 30 жылға жуық трактор бригадирі болып жұмыс істеген. Сондықтан ауыл маңындағы жердің өзгерісін жылдар бойы бақылап келеді.

Оның айтуынша, жайылымның



бар. Оның ішінде шаруашылыққа немесе шабындыққа пайдалануға болмайтын, ауыл тұрғындарының мал жайылымына арналған аумақтар да бар. Бірақ сол жерге түсетін салмақ жыл өткен сайын артып келеді, – дейді Иван Ізімов. Зейнеткердің айтуынша, бұрын ауыл малының санына белгілі бір шектеу болған. Қазір ондай шектеудің болмауы төрт түліктің көбеюіне әсер еткен. Бұған қоса елді мекен маңында бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді. Нәтижесінде ауылға жақын жайылымға түсетін салмақ еселенген.

Мәселенің күрделілігі – малдың бір аумақта тұрақты шоғырлануында. Ауыл тұрғындарының да, қожалықтардың да малы көбіне елді мекенге жақын жерлерді пайдаланады. Үнемі тапталатын топырақтың өсімдік жамылғысы бұзылып, шөп сирейді. Кей тұстардың шаңдаққа айнала бастауы да осы жүктеменің белгісі.

Иванұлы бұрынғы мал шаруашылығының ауқымын да еске алды. Кеңестік кезеңде Қосаралдағы фермада тоғыз мал база-



кілікті деп есептейді. Биылғы жауын-шашынның молдығы да дала төсене өз әсерін тигізген.

– Биыл жаңбыр жақсы жауып, боздың шығымы көңілдегідей болды. Дегенмен жалпы алғанда шөптің сиректігі байқалады. Бұған дейінгі жылдармен салыстырсақ, айы-

аумақтарда мал жаюға мүмкіндік болғанымен, елді мекенге жақын жерлерде жайылымның тарылып, тозу үрдісі байқалады. Мал басының көбеюі де жерге түсетін салмақты арттырып отыр.

Тұрғынның пікірінше, жайылым мәселесіндегі негізгі қиындықтардың бірі – мал жаятын өрістің ауыл-

бүгінгі жағдайына жердің бөлініске түсуі, малдың бір аумақта шоғырлануы және бұрынғы жайылым жүйесінің өзгеруі әсер еткен.

– Қазір бұрынғыдай емес, көп нәрсе өзгерді. Осы қиындықтың бір себебі – жекешелендіру саясаты. Мысалы, Қосарал ауылының айналасында шамамен 7 шақырым жер

сы болған. Онда 13 мың қой, 1200 жылқы, 120 түйе қыстатылып, жыл сайын 33 500 центнер мал азығы дайындалған. Бірақ сол кездегі малдың барлығы ауыл маңындағы жайылымға түскен жоқ.

– Жаз кезінде ауылдың айналасында мал отарлары болмайтын. Мал алыс жайылымда жүрді. Қазан

айының соңында ғана қыстаққа қайтатын. Қазір мұндай мүмкіндік азайды. Совхоздар тарағаннан кейін мал базалары жеке қожалықтарға өтті. Өркім өз шаруасын жүргізеді. Малдың көпшілігі ауылға жақын жерден ұзап шықпайды, – дейді зейнеткер.

Осы айырмашылық бүгінгі жайылымға түсетін жүктемені айқын көрсетеді. Бұрын малды суы мен шөбі бар алыс жайылымдарға шығару қалыптасқан жүйе болса, қазір жер телімдерінің бөлінуі мен су көздерінің жағдайы малдың қозғалысын шектейді.

– Қазір мал бір жолмен барып, бір жолмен қайтады. Жердің бөлініп кетуі осыған әкелді. Малдың үнемі бір бағытта жүруі сол аумақты таптап, жердің тозуын жылдамдатады. Шөп азайған сайын оның әсері анық көрінеді, – дейді Иван Ізімов.

Оның сөзінше, Қосарал тұрғындарына шабындық табу да бұрынғыдай оңай емес. Мал азығын дайындауға пайдаланылған жерлердің жағдайы өзгеріп, қысқа қор жинау шаруаның өзіне қосымша салмақ түсіреді.

Сондықтан зейнеткер алыс жайылымдарды қайта тиімді пайдаланудың жолдарын қарастыру керек деп есептейді. Өсіресе су көзі мен құдығы бар аумақтарды айналымға қосу ауыл маңындағы жайылымға түсетін қысымды азайтуы мүмкін.

Ал аудан көлеміндегі жағдайға жауапты сала мамандары жайылым тапшылығының біркелкі емес екенін алға тартады. Ауданда мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының негізгі бағыттарының бірі. Мал басы өскен сайын жайылымдық жерге түсетін жүктеменің де артатыны заңды.

Жайылым жағдайы мен мал азығы - күн тәртібінен түспейді

Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі елді мекендерге жақын жайылымдарда жүктеме жоғары екенін, ал шалғай жайылымдарды тиімді пайдалану мәселесі өзекті болып отырғанын айтты. Осы бағытта шалғай жайылымдарды айналымға енгізу, маусымдық жайылымдарды пайдалану, ауыл маңындағы жерге түсетін салмақты азайту, пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін анықтап, заңнамаға сәйкес айналымға қосу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен бірге жайылым ретінде пайдалануға болатын жер учаскелері ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру жөніндегі конкурстарға шығарылып келеді.

Жайылымның жағдайы түзелген күннің өзінде қысқы азық мәселесі күн тәртібінен түспейді. Биыл ауылдық округтерде шөп шабу және мал азығын дайындау жұмыстары жалғасып жатыр. Бөлім бұл жұмысты бақылауда ұстап, мал басын қысқы кезеңде жеткілікті азықпен қамтамасыз ету үшін шөп дайындауды күшейтуге басымдық беріп отыр.

– Жайылымдағы шөптің шығымы ауылдық округтер бойынша әркелкі. Осыған байланысты мал азығын дайындау көлемін арттыру және қажетті қорды толық қалыптастыру бағытында қосымша шаралар қабылдануда, – дейді аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Азамат Межеш.

Сайып келгенде, жайылым мәселесінің бір ғана шешімі жоқ. Бір жерде табиғи шөптің шығымын арттыру қажет болса, енді бір жерде ауыл маңындағы жерге түсетін салмақты азайту керек. Шалғай жайылымдардың игерілуі, су көздерінің қолжетімділігі, мал азығын алдын ала дайындау, жердің тозуына жол бермеу және мал басын жайылым мүмкіндігіне қарай жоспарлау – бір-бірінен ажырамайтын мәселелер.

Жер малды асырайды. Бірақ жердің де өз шегі бар. Оған түсетін салмақ мөлшерден асса, бүгінгі мол шөп ертеңгі жұтқа жайылымға айналуы мүмкін. Сондықтан жайылымды сақтау – тек шаруаның емес, ауылдың ортақ міндеті. Бүгін жерді қалай пайдаланамыз, ертең малдың азығы мен ауылдың берекесі соған байланысты болмақ.

Әйгерім КАРИМАН

Күн тәртібінде

БАЛАНЫҢ ҚОЛЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: МҮМКІНДІК ПЕ? ҚАУІП ПЕ?

Кеше ғана смартфон ұстауды үйренген бүлдіршін мен мектеп оқушысы бүгінде жасанды интеллектпен еркін «тілдесіп», үй тапсырмасын орындаудан бастап, сурет салу, мәтін құрастыру, ақпарат іздеу сияқты түрлі жұмысты цифрлық құралға тапсыра алады. Бірі мұны баланың білім көкжиегін кеңейтетін мүмкіндік деп қабылдаса, енді бірі дайын жауапқа үйрену - оның өздігінен ойлауына, шығармашылығына және қарым-қатынасына кері әсер етуі мүмкін деп алаңдайды. Сонымен жасанды интеллект баланың қолындағы көмекші құрал ма, әлде біртіндеп оның орнына ойлайтын технологияға айналып бара ма? Осы мәселенің мән-жайын мамандар мен көпбалалы ананың пікіріне сүйене отырып саралап көрдік.

Балабақшадағы ЖИ: педагогке көмекші құрал

Қазір жасанды интеллект күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып келеді. Балалар үшін ол алыстағы технология емес, қызықты сұраққа жауап беретін, сурет салып, мәтін құрастырып, түрлі тапсырмаларды орындауға көмектесетін цифрлық құрал. Алайда баланың технологияны қаншалықты және қалай пайдаланатыны оның жасына, психологиялық ерекшелігіне, отбасындағы цифрлық мәдениетке және педагогтің бағыт-бағдарына тікелей байланысты.

Бүгінде цифрлық технологиялар білім беру саласына да еніп, педагогтердің күнделікті жұмысын жеңілдететін заманауи құралға айналды. Мәселен, балабақшада ЖИ-ді тиімді пайдалану тәрбиешінің уақытын үнемдеп қана қоймай, оқу қызметін қызықты әрі мазмұнды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Аудан орталығындағы «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Шырайлым Жеңіс жасанды интеллекттің ең алдымен жаңа идея іздеу, оқу қызметін түрлендіру және жұмыс уақытын тиімді пайдалану үшін қолданады. Белгілі бір тақырыпқа сәйкес ойындар, тапсырмалар, сұрақтар, ертеңгіліктердің сценарийлері мен шығармашылық жұмыстарды әзірлеуде ЖИ-дің көмегіне жүгінеді.

Тәрбиешінің айтуынша, жасанды интеллекттің LEGO құрастырушылармен жұмыс кезінде де шығармашылықпен пайдалануға болады. Мұнда балаға дайын үлгіні қайталаудан гөрі, белгілі бір тақырып бойынша өз моделін ойлап табуға, құрылысын жоспарлауға және түрлі шешімдер іздеуге мүмкіндік беріледі. Мәселен, «Ақылды үй», «Таза қала» секілді шығармашылық жобалар баланың тек құрастыру қабілетін емес, логикалық ойлауын, қиялын, ұсақ моторикасын және өз ойын жеткізу дағдысын дамытуға ықпал етеді.

- ЖИ менің орнымды баспайды, керісінше, тәрбиеші ретінде өз идеямды толықтыруға көмектесетін құрал, - дейді Шырайлым Тілеубергенқызы.

Оның пікірінше, жасанды интеллект тәрбиешінің шығармашылығын шектемей, керісінше, жаңа бағыттар ұсыну арқылы оны арттыра алады. Дегенмен ЖИ ұсынған дайын ақпаратқа толық тәуелді болып қалмау маңызды. Сондықтан тәрбиеші алынған материалды сол күйінде қолданбай, балалардың жас ерекшелігіне, қабілетіне және нақты оқу мақсатына қарай бейімдейді.

- Бұл қағида LEGO құрастыру барысында да сақталады. Балаларға дайын шешімді ұсынудың орнына, «Өзің қалай құрастыра едің?», «Басқаша жасауға бола ма?» деген сұрақтар қойылып, олардың өз бетінше ойлануына жағдай жасалады. Осы арқылы технология баланың орнына ойлайтын құрал емес, баланы ойлануға жетелейтін мүмкіндікке айналады, - дейді тәрбиеші.

Өрне, балабақшада жасанды интеллектті қолданудың өзіндік жауапкершілігі бар. ЖИ ұсынған ақпараттың барлығы бірдей дұрыс немесе мектепке дейінгі жастағы балаға сай болмауы мүмкін. Сондықтан тәрбиеші кез келген ақпаратты тексеріп, қажетсізін сүзгіден өткізіп, баланың жас ерекшелігі мен қауіпсіздігін бірінші орынға қоюы тиіс.

Жасанды интеллект - тәрбиешінің кәсіби тәжірибесін алмастыратын технология емес. Ол - уақытты үнемдеп, тың идея ұсынатын, оқу-тәрбие жұмысын жаңаша ұйымдастыруға көмектесетін заманауи құрал. Ал баламен тікелей қарым-қатынас жасау, оның көңіл-күйін түсіну, қолдау көрсету, қызығушылығын ояту және шабыттандыру - тәрбиешінің басты міндеті болып қала береді.

Мектепке дейінгі кезеңдегі сақтық - маңызды

Мектепке дейінгі жастағы балаларға қатысты бұл технологияны қолдануда ерекше сақтық қажет. Себебі баланың психологиялық, эмоционалдық және шығармашылық дамуы ең алдымен

тірі қарым-қатынасқа, қимыл-қозғалысқа және қоршаған ортаны тікелей сезіну арқылы тануға негізделеді. Қарауылкелді ауылындағы

«Шаттық» бөбекжай-балабақшасының педагог-психологі Гүлсамал Тоқмұратованың айтуынша, экран алдында ұзақ отыру - баланың жүйке жүйесіне шамадан тыс салмақ түсіріп, мазасыздықтың пайда болуына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар виртуалды ортаға жиі ену баланың шынайы өмірдегі қарапайым әрекеттерден тез жалығуына әкелуі ықтимал.

-Мектепке дейінгі кезеңде баланың қоршаған әлемді сезім мүшелері арқылы танып-білуі ерекше маңызды. Заттарды ұстап көру, құммен ойнау, құрастыру, сурет салу, табиғатты бақылау сияқты әрекеттер баланың сенсорлық дамуына ықпал етеді. Ал виртуалды орта мұндай тәжірибені толық алмастыра алмайды.

ЖИ-дің баланың шығармашылығына әсері де назардан тыс қалмауы тиіс. Егер балаға суретті өзі салудың, ертегіні өзі құрастырудың немесе белгілі бір тапсырманы орындаудың орнына дайын нәтижені ЖИ ұсынып отырса, оның қиялы мен өз бетінше ойлау белсенділігі төмендеуі мүмкін. Сондықтан бұл жаста ЖИ баланың тікелей қолданатын құралына айналып, педагог үшін ғана көмекші ресурс болғаны дұрыс, - дейді ол.

Психолог ата-аналарға да экран уақытын шектеуге кеңес береді. Мектепке дейінгі бала гаджет сұраған жағдайда оның назарын кинетикалық құмға, конструкторға, сурет салуға, қимылды ойындарға немесе таза ауадағы белсенді әрекеттерге бағыттау тиімді. Мұндай ойындар баланың әрі танымдық, әрі моторикалық, әрі әлеуметтік дағдыларын табиғи жолмен дамытуға мүмкіндік береді.

Ең бастысы - жасанды интеллект баланың шынайы қарым-қатынасқа деген қажеттілігін алмастыра алмайды. Мектепке дейінгі кезеңде құрдастарымен ойнау, ересектермен сөйлесу, эмоцияны түсіну және өз сезімін білдіру арқылы баланың эмпатиясы мен коммуникациялық қабілеті қалыптасады. Сондықтан бұл жаста баланың негізгі даму ортасы экран емес, адамдармен қарым-қатынас пен нақты өмірдегі тәжірибе болуы қажет.

Педагог-психолог Гүлсамал Серікқызының ұстанымы бойынша, мектепке дейінгі баланың дамуына ең пайдалы орта - оның қолымен ұстап, көзімен көріп, қимылдап, сөйлесіп, бірге ойайтын шынайы әлемі. Ал жасанды интеллект бұл кезеңде баланың орнына әрекет ететін құрал емес, педагогтің жұмысын жеңілдететін технология ретінде қарастырылғаны жөн.

Балабақша психологі үшін басты мәселе - баланың цифрлық ортаға тәуелді болып қалмауы. Мектепке дейінгі бала көргенін қайталауға бейім болғандықтан, ересектердің бақылаусыз цифрлық контентті ұзақ қолдану оның зейініне, қарым-қатынасына және өздігінен әрекет етуіне әсер етуі мүмкін.

Психолог баланың әр сұрағына дайын жауап беруге асықпау қажеттігін алға тартады. Бала «Неге?», «Қалай?», «Бұл не?» деп сұрағанда, бірден смартфоннан немесе AI құралынан жауап іздеу оның табиғи зерттеушілік қызығушылығын әлсіретуі ықтимал. Кейде балаға дайын жауаптан гөрі, «Сен қалай ойлайсың?», «Қалай жасап көрер едің?» деген сұрақ қою әлдеқайда пайдалы.

Ойын арқылы дамытуға болады, бірақ бақылау қажет

Жасанды интеллект білім беру саласына дендеп еніп, мектепалды даярлықтағы оқыту тәсілдеріне де жаңа мүмкіндіктер қосып отыр. Тобық Жармағамбетов атындағы орта мектебінің даярлық сыныбының мұғалімі Жансая Кәдірбаеваның айтуынша, ЖИ арқылы оқу үдерісін баланың жас ерекшелігіне сай ойын түрінде, әрі көрнекі ұйымдастыруға болады.



- Қазір баланың сөйлеуін, әріп тануын дамытуға арналған түрлі қосымшалар мен интерактивті ертегілер бар. ЖИ мұғалімге әр баланың деңгейіне қарай жеке тапсырма әзірлеуге, ал



ата-анаға баланың дамуы жөнінде кеңес беруге мүмкіндік береді, - дейді мұғалім. Алайда мектепалды жастағы бала үшін технологиядан бұрын тірі қарым-қатынас пен ересектің бақылауы маңызды. Жансая Кәдірбаева бұл кезеңде негізгі жауапкершілік мұғалім мен ата-анаға жүктелетінін атап өтті. Баланың ЖИ құралдарын жалғыз әрі бақылаусыз қолдануына жол бермей, тек жасына сай, қауіпсіз және дамытушы ресурстарды таңдаған жөн.

Мұғалімнің пікірінше, ЖИ-дің басты пайдасы - баланың сөйлеуін, логикасын, қиялын дамытуға көмектесуі. Бұл өз кезегінде оның мектепке дайындығын күшейте алады. Бірақ мүмкіндіктің көлеңкелі тұсы да жоқ емес. Бала шынайы ойын мен адамдармен қарым-қатынастың орнына гаджетке әуестенсе, экранға тәуелділік қалыптасуы мүмкін.

Сонымен қатар экран алдында ұзақ отыру - баланың көру қабілетіне, дене қалпына және ұйқысына кері әсер етуі ықтимал. Ал құрбыларымен тікелей араласудың азаюы сөйлеу мен эмоцияны білдіру дағдыларының дамуына әсер етуі мүмкін. Тағы бір қауіп - ЖИ берген ақпараттың бәрін бала дұрыс деп қабылдауы.

Сондықтан мектепалды даярлықта ЖИ баланың тәрбиесі мен мұғалімнің орнын алмастыратын құрал емес, дұрыс бағытта қолданылған жағдайда оқуды қызықты әрі тиімді етуге көмектесетін қосымша мүмкіндік болуы тиіс.

Жасөспірім үшін ЖИ - дос емес, құрал

Бала үшін жасанды интеллект тек білім алуға көмектесетін құрал емес, кейде ойын бөлісетін, сұрақтарына жауап беретін, тіпті ішкі уайымын тыңдайтын «сұхбаттасқа» айналып барады. Өсіресе жасөспірімдер қиындықтарын ЖИ-ге айтып, одан қолдау іздеуі мүмкін. Мұндай жағдайда мәселе технологияны қолданудың өзінде емес, баланың шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа деген қажеттілігінің қаншалықты өтегіп отырғанында.

Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназияның психологі Ақбота Құлмырзаеваның пікірінше, бұл сұрақтың жауабы ең алдымен ЖИ-дің қалай және қандай мақсатта қолданылатынына байланысты.

- Жас ерекшелігіне сай әрі дұрыс пайдаланылған жағдайда жасанды интеллект баланың қызығушылығын арттырып, білім алуға деген ынтығуын күшейте алады. Ақпарат іздеу, сұрақ қою, жаңа тақырыпты қарапайым тілмен түсіндіру секілді мүмкіндіктер баланың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Дегенмен ЖИ-ді бақылаусыз пайдалану кері әсерін де тигізуі мүмкін. Бала әр тапсырманың дайын жауабын жасанды интеллекттен ала берсе, біртіндеп өздігінен ойлануға, ақпаратты есте сақтауға, мәселені шешуге және қиындыққа төтеп беруге деген қажеттілігі төмендеуі ықтимал.



Мәселен, оқушы есепті өзі шығармай, бірден ЖИ-ге ұсына, дұрыс жауап алғанымен, оны шешудің логикасын толық меңгермеуі мүмкін. Сол сияқты шығарма немесе эссені толығымен ЖИ-ге жаздыру - баланың өз ойын жеткізу және жеке пікір қалыптастыру дағдысының дамуын тежейді. Сондықтан тиімді тәсілдің бірі - «алдымен өзің ойлан, содан кейін ЖИ-ден көмек сұра» қағидасын қалыптастыру. Бұл ретте ЖИ дайын жауап беретін құрал емес, баланың ойын тексеруге, толықтыруға және жаңа бағыт ұсынуға көмектесетін құрал болғаны жөн, - дейді психолог.

Айтуынша, баланың жасына қарай ЖИ-ді пайдалану тәсілі де өзгеруі керек. Бастауыш сынып оқушылары оны негізінен мұғалімнің немесе ата-ананың бақылауымен қолданғаны дұрыс. Бұл кезеңде ЖИ-ді күрделі тапсырмаларды орындатуға емес, ертегі құрастыру, суретке идея алу, белгілі бір тақырыпты қарапайым тілмен түсіндіру, сұрақ-жауап ұйымдастыру сияқты шығармашылық және танымдық мақсаттарға пайдалануға болады.

Орта сынып оқушылары үшін ЖИ ақпаратты түсіндіру, идея жинау, тіл үйрену, есептің шешу жолын талдау секілді міндеттерде пайдалы көмекші бола алады. Бірақ дәл осы кезеңде баланың ЖИ берген ақпаратты тексеру, бірнеше дереккезбен салыстыру дағдысын қалыптастыру маңызды.

Ал жоғары сынып оқушылары жасанды интеллекттің зерттеу, жобалық жұмыстар, мәтін талдау, кәсіби бағдар және жаңа идеяларды дамыту құралы ретінде пайдалана алады. Мұнда басты жауапкершілік оқушының өзінде қалуы тиіс. Ол ЖИ ұсынған ақпараттың дұрыстығын тексеріп, соңғы шешімді өзі қабылдай білуі қажет.

Жасанды интеллекттің шығармашылық қабілетке әсері де екіжақты. Бір жағынан, ол баланың қиялын кеңейтіп, жаңа идеялар ұсынуға мүмкіндік береді. Мысалы, бала әңгімеге бірнеше сюжет ойлап табуды, суретке тақырып немесе жобаға жаңа бағыт ұсынуға сұрай алады. Екінші жағынан, барлық шығарманы, суретті немесе жобаны баланың орнына ЖИ жасап берсе, оның өз идеясын қалыптастыруға деген талпынысы азаюы мүмкін. Сондықтан «Маған дайын шығарма жаз» дегеннен гөрі, «Осы тақырып бойынша қандай идеяларды қарастыруға болады?» деп сұраудың пайдасы көбірек.

Бұл жерде ата-ана мен мұғалімнің міндеті баланы тек бақылаумен шектелмейді. Ең маңыздысы - оған жеткізетін интеллекттің дұрыс қолдануды үйрету. Бала ЖИ-дің мүмкіндігімен қатар шектеуін де білуі керек. Өйткені ЖИ әрдайым дұрыс ақпарат немесе мінсіз кеңес бере бермейді.

- Өсіресе жасөспірімдердің ЖИ-мен эмоционалдық қарым-қатынасына назар аударған жөн. Жасөспірім жасанды интеллектімен еркін сөйлесе алады, ішкі ойын бөлісуі немесе өзіне маңызды мәселелерді талқылауы мүмкін. Бірақ оны адам досының, ата-ананың, мұғалімнің немесе психологтің толық баламасы ретінде қабылдауға болмайды. Эмоциялық қиындықтардың барлығын тек ЖИ-мен талқылап, шынайы адамдардан оқшаулану - алаңдататын белгі. Қазіргі кезде кейбір оқушылардың ішкі уәждерін ЖИ-ге жазып, одан тұрақты түрде қолдау іздеуі ата-ана үшін ойланатын жағдай. Мұндайда баланы кінәпаз немесе бірден шектеу қоймай, оның жасанды интеллектіге не себепті көбірек жүгінетінін түсінуге тырысқан

дұрыс. Кейде бұл баланың тыңдаушыға, түсінуге және қолдауға деген қажеттілігін көрсетуі мүмкін. Сондықтан балаға технологиялық құрал ұсынумен қатар, оның жанын түсінуге тырысатын ата-ананың да болуы аса маңызды, - деді Ақбота Құлмырзаева.

Сонымен қатар ол ЖИ-ді қолдануда цифрлық қауіпсіздік мәселесінің де назардан тыс қалмауы керектігін баса айтты. Бала интернеттен алынған ақпараттың барлығына бірден сенбеуді, жеке мәліметтерін бейтаныс адамдарға немесе белгісіз сервистерге бермеуді үйренуі қажет. Күмәнді сілтемелерді ашпау, белгісіз файлдарды жүктемеу, ЖИ берген ақпаратты тексеру және интернеттегі жағымсыз жағдайларды ата-анадан немесе мұғалімнен жасырмау - қарапайым болғанымен, маңызды ережелер.

Ең бастысы - балада технологиядан қорқу емес, оны қауіпсіз әрі саналы пайдалану мәдениеті қалыптасуы керек. Жасанды интеллект баланың орнына ойлайтын құралға емес, баланың ойлауына мүмкіндік беретін көмекшіге айнағанда ғана өз пайдасын тигізеді.

Ата-ана бақылауы және дұрыс бағыт

Жасанды интеллекттің мүмкіндігі кеңейген сайын оның бала өміріндегі орны да өзекті мәселеге айналып отыр. Мысалы, ----- баланың анасы Гүлжанат Тоқсанбаева технологияны пайдалануға қарсы емес, алайда оның бала жасына қарай қолданылуын маңызды санайды.

Отбасындағы ересек балалардың ЖИ құралдарын пайдаланатынын білетінін айтқан ол кішкентай балаларына әзірге мұндай мүмкіндікті көрсетпеген. Себебі ерте жаста баланың негізгі қажеттілігі - гаджеттен алынған дайын ақпарат емес, айналасындағы адамдармен сөйлесу, ойын арқылы үйрену және қоршаған ортаны тікелей танып-білу, - дейді ол.

Гүлжанат Тоқсанбаева ЖИ-ді шамадан тыс қолдану баланың табиғи дамуына кері ықпал етуі мүмкін деп есептейді. Өсіресе экранға ұзақ уақыт үнілу мен тірі қарым-қатынастың азаюы сөйлеу қабілетінің қалыптасуына әсер етіп, сөйлеудің кешеуілдеуі секілді мәселелерге соқтыруы ықтимал деген алаңдаушылығы бар.

Ал ересектеу балалар үшін ЖИ-ді қажет кезінде пайдалануға болады. Мәселен, сабаққа дайындалу кезінде түсініксіз ақпаратты анықтау, тақырыпты қосымша қарастыру немесе идея алу үшін көмекші ретінде қолданған тиімді. Бірақ тапсырманы толығымен ЖИ-ге орындатып, дайын жауапты қабылдау баланың өз бетінше ойлану дағдысын әлсіретуі мүмкін.

Сондықтан ата-ана үшін мәселе ЖИ-ді қолдануға тыйым салуда емес, оның шегін белгілеуде. Гүлжанат Тоқсанбаеваның пайымынша, технология балаға қызмет етуі керек, ал бала технологияға тәуелді болмауы тиіс. Ең бастысы - жасанды интеллект пен баланың шынайы өмірдегі қарым-қатынасы арасында дұрыс тепе-теңдік сақтау.

P.S. Жасанды интеллект баланың білім алуына тың мүмкіндік ашқанымен, оның орнына ойлап, әрекет ететін құралға айналмауы тиіс. Технологияны шектеуге емес, оны жаса ерекшелігіне сай әрі саналы қолдануды үйрету маңызды. Бала үшін ең бастысы - дайын жауап алу емес, сұрақ қоя білу, өздігінен іздену, қателесу арқылы үйрену және шынайы ортамен қарым-қатынас жасау. Сондықтан ЖИ баланың орнын баспай, оның ойлауына жол ашатын көмекші болғанда ғана пайдалы.

Өйгерім ЖАРТИНА

АДАЛДЫҚТЫ ТАҢДА – ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕ!



Сыбайлас жемқорлықпен күрес – бүгінгі қоғамның маңызды бағыттарының бірі. Бұл мәселе тек белгілі бір мекемелердің немесе жауапты қызметкерлердің міндеті емес. Қоғамның әрбір мүшесі заңды құрметтеп, әділдік пен адалдықты ұстанған жағдайда ғана жемқорлықтың алдын алуға болады.

Жемқорлықтың қауіптілігі оның бір ғана адамға емес, тұтас қоғамға әсер етінде. Заңсыз жолмен алынған пайда әлеуметтік теңсіздікті күшейтіп, азаматтардың мемлекеттік жүйеге деген сенімін төмендетеді. Ал әділдік сақталмаған жерде қоғамның тұрақты дамуы да қиындайды. Сондықтан жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы ерекше. Ең алдымен, әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қандай да бір мәселені пара немесе таныстық арқылы шешуге ұмтылмауы керек. Заң-

ды айналып өтудің орнына заңды жолмен әрекет ету – азаматтық жауапкершіліктің белгісі.

Жас ұрпақ арасында адалдық құндылықтарын насихаттау да маңызды. Мектептер мен колледждерде құқықтық сауаттылықты арттыратын іс-шаралар, пікірталастар, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, жастарға жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны түсіндірілуі қажет. Себебі бүгінгі жас – ертеңгі елдің маманы, басшысы және жауапты азаматы.

Қазіргі таңда ашықтық пен цифрландыру да жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді. Көптеген мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі азамат пен мемлекеттік қызметкер арасындағы тікелей байланысты қысқартып, қызмет көрсету процесінің ашық болуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде заңсыз әрекеттердің алдын алуға көмектеседі. Өрине, жемқорлықты толығымен жою бір күнде жүзеге асатын іс емес. Ол үшін мемлекет пен қоғамның бірлескен жұмысы қажет. Заң талаптарының орындалуы, мемлекеттік қызметтің ашықтығы, азаматтардың құқықтық сауаттылығы және қоғамның белсенділігі қатар жүруі тиіс.

Адалдық – адамның жеке қасиеті ғана емес, қоғамның тұрақты дамуына әсер ететін маңызды құндылық. Өз жұмысын адал атқарып, заңды сақтап, өзгелердің құқығын құрметтеу арқылы әр азамат жемқорлықсыз қоғам қалыптастыруға үлес қоса алады.

Жемқорлыққа қарсы күрес үлкен өзгерістерден ғана емес, әр адамның күнделікті таңдауы мен әрекетінен басталады. Адалдықты таңдау – өз болашағыңды, еліңнің болашағын таңдау.

Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!

Біз қасыңыздамыз!

БІЗДЕН СҰРАҢЫЗ!

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫС!

ЗАҢ АЛДЫНДА ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР!

ҮЙ – ҚАУІПСІЗДІК ПЕН МЕЙІРІМ МЕКЕНІ БОЛУЫ КЕРЕК!

БІР-БІРІМІЗГЕ ҚОЛДАУ БОЛАЙЫК!

БІЗДЕН СҰРАҢЫЗ! КӨМЕК КӨРСЕТЕМІЗ!

25-27 ТАМЫЗ

АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

ҚОҒАМ БОЛЫП ҚОРҒАЙЫК!

111

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ ТӘУЛІК БӨЙІ ТЕГІН • ҚҰТІЯ

ЗОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК! БІРГЕ ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚҰРАЙЫК!

КӨМЕК КЕРЕК БОЛСА, БІЗ СІЗБЕН БІРГЕМІЗ!

БАЙҒАНИН АУДАНЫ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ

НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Қазіргі таңда нашақорлық – қоғамның қауіпсіздігі мен жас ұрпақтың болашағына кері әсер ететін өзекті мәселелердің бірі. Есірткі заттарын қолдану адамның денсаулығына зиян келтіріп қана қоймай, оның өмір салтына, отбасына және қоршаған ортасына кері ықпал етеді. Әсіресе жастар мен жасөспірімдер арасында есірткінің зияны туралы түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу маңызды.



Ащы ауылдық округі, Ноғайты ауылында нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылууда. Округ әкімшілігі мен білім беру мекемелері бірлесіп, жастар арасында түсіндіру шараларын өткізуде. Атап айтқанда, мектеп оқушылары арасында есірткінің зияны туралы дәрістер, бейне-

роликтер көрсету, сұхбаттар, пікірталастар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, жастардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін түрлі үйірмелер, спорттық секциялар мен мәдени шаралар белсенді түрде іске асырылуда. Ата-аналар мен ұстаздар арасында да профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, балалар-

мен дұрыс қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы ескертілуде.

Нашақорлықтың алдын алу да отбасының да рөлі ерекше. Ата-аналардың балаларының бос уақытын бақылауы, олармен ашық сөйлесуі, достық қарым-қатынас орнатуы және баланың қызығушылығына көңіл бөлуі маңызды. Себебі уақытылы берілген дұрыс бағыт пен тәрбие жасөспірімді зиянды әдеттерден қорғауға ықпал етеді.

Есірткіге тәуелділік – бір адамның ғана мәселесі емес, бүкіл қоғамға әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Сондықтан оның алдын алу жұмыстарына мемлекеттік органдармен қатар білім беру ұйымдары, ата-аналар, жастар және жалпы қоғам белсенді түрде атсалысуы қажет.

Жастарымыздың дені сау, саналы және жарқын болашағы үшін зиянды әдеттерден аулақ болып, спортпен шұғылданып, білім мен еңбекке ұмтылуы маңызды.

Салауатты өмір салты – жарқын болашақтың негізі!

«Ащы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

БӨТЕННІҢ МҮЛКІНЕ ҚОЛ СҰҒУ – ЗАҢҒА ҚАЙШЫ ӘРЕКЕТ

Бөтеннің мүлкіне қол сұғу – қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі. Әр адамның өз еңбегімен тапқан дүниесі бар және оны ешкімнің руқсатынсыз иемденуге болмайды. Біреудің затын, ақшасын, малын немесе басқа да мүлкін ұрлау – заңға қайшы әрекет Ауылдық жерлерде жиі кездесетін құқық бұзушылықтың бірі – мал ұрлығы.

Мал – халықтың тұрмысында ерекше орын алатын, көптеген отбасы үшін негізгі табыс көзі болып саналатын дүние. Сондықтан малдың ұрлануы тұрғындарға үлкен шығын келтіреді.

Егер мал немесе басқа да мүлік жоғалса, дереу құқық қорғау

Бөтеннің мүлкіне қол сұғудың алдын алу тек полицияның міндеті емес. Бұл – тұрғындардың да ортақ жауапкершілігі. Ауыл тұрғындары бір-біріне қолдау көрсетіп, күдікті әрекеттерге бейжай қарамаса, көптеген құқық бұзушылықтың алдын алуға болады.

Жастарға да адалдық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіру қажет. Өзгенің еңбегін бағалау, заңды құрметтеу және адал жолмен өмір сүру – әр адамның басты қағидасы болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, бөтеннің мүлкіне қол сұғу – бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның тыныштығына әсер ететін мәселе. Сондықтан өз мүлкімізді қорғап



Мал ұрлығының алдын алу үшін мал иелері де сақтық шараларын күшейткені дұрыс. Төрт түлікті қараусыз қалдырмай, қора-жайдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, малды уақытында түгендеу және құжаттарын рет-

органдарына хабарлаған жөн. Жоғалған мүлктің нақты белгілерін айту іздеу жұмыстарын жеңілдетеді. Ал күдікті жағдайға куә болған азаматтар өз бетінше әрекет етпей, тиісті органдарға хабарлауы керек.

қана қоймай, өзгенің дүниесіне де құрметпен қарауымыз керек.

Адалдық – адамдықтың белгісі. Бөтеннің мүлкіне қол сұқпай, заңды құрметтейік!

Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған азаматтар кей жағдайда қорқыныштан, қысымнан немесе психологиялық күйзелістен өз құқықтарын қорғауға қадам жасай алмай жатады. Мұндай кезде полиция қызметкерінің міндеті – жәбірленушіні кінәламай, оның өтінішін мұқият тыңдап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қолданыстағы заңнамаға сәйкес қажетті шараларды қабылдау.

Полицияға жүгінген азаматтың мәселесіне немқұрайлы қарауға болмайды. Әрбір хабарлама мен өтініш мұқият қаралып, жағдайға сәйкес құқықтық баға беріледі. Қажет болған жағдайда жәбірленушіге медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек алу мүмкіндіктері түсіндіріледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда полицияның профилактикалық жұмысы да ерекше орын алады. Қиын жағдайдағы отбасылармен жұмыс жүргізу, профилактикалық есептегі адамдарды бақылау, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу – осы бағыттағы негізгі міндеттердің бірі.

Сонымен қатар жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында заңда көзделген қорғау шаралары қолданылады. Азаматтарға өз құқықтарын түсіндіру, қауіп төнген жағдайда қайда және қалай жүгіну керектігін білуіне жағдай жасау – құқықтық сауаттылықты арттырудың маңызды бөлігі.

Біз азаматтарды зорлық-зомбылық фактілерін жасырмауға және қауіп төнген жағдайда дер кезінде полицияға жүгінуге шақырамыз. Көмек сұрау – әлсіздік емес, өз өмірі мен қауіпсіздігін қорғауға жасалған маңызды қадам.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу – тек полицияның емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Отбасында өзара сыйластық, түсіністік пен жауапкершілік қалыптасқанда ғана қауіпсіз орта құруға болады.

Полиция қызметкерлері азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыра береді. Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!

Байғанин ауданы полиция бөлімі

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:

030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

**Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1329
Тапсырыс №1311
Көлемі 1 баспа табақ.**

Меншік иесі:
«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК

**Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму Министрлігі
Байланыс ақпараттандыру және
ақпарат комитетінде
2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп,
№15190-Г куәлігі берілген.**